

Издается с 2005 года


ЗАҒИП ЖӘНЕ НАШАР КӨРЕТІН
АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КІТАПХАНА



РЕСПУБЛИКАНСКАЯ
БИБЛИОТЕКА ДЛЯ НЕЗРЯЧИХ И
СЛАБОВИДЯЩИХ ГРАЖДАН

РБНСГ - ВЕСТИ

Издание Республиканской библиотеки для незрячих и слабовидящих граждан
Обязателен выпуск рельефно-точечным шрифтом



НӨМІРДЕ:

В НОМЕРЕ:

Құттықтаймыз - Поздравляем!

Әдебиет – Литература

Жаңалықтар – Новости

Тифлопедагог кеңесі – Советы Тифлопедагога

Оқырмандар шығармашылығынан – Творчество
наших читателей

Библиограф хабарлайды – Библиограф информирует

Қызық екен – Это интересно

4(126)

2026



Рухы биік, өнері терең

РБНСГ - ВЕСТИ

Издание Республиканской библиотеки для незрячих и слабовидящих граждан

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ - ПОЗДРАВЛЯЕМ!

ИЮЛЬ

4 июля - 100 лет со дня рождения оперного певца, Народного артиста Казахской ССР Ермека Серкебаева (1926-2013)

5 июля - Национальный день домбры (первое воскресенье июля)

6 июля - День столицы Казахстана – Астаны (1998)

17 июля - 120 лет со дня рождения Народного артиста КазССР, композитора, педагога Латифа Хамиди (1906–1983)

26 июля - 90 лет со дня рождения писателя, журналиста, публициста Маршала Абдикаликова (1936-1990)

27 июля - 80 лет со дня рождения первого казахского космонавта, доктора технических наук, профессора, Героя Советского Союза, кавалера ордена «Халық Қаһарманы» Токтара Аубакирова (1946)

30 июля - 75 лет со дня рождения певца, Народного артиста СССР Алибека Днишева (1951)

АВГУСТ

6 августа - 120 лет со дня рождения писателя Ивана Шухова (1906-1977)

10 августа - День Абая

12 августа - Международный день молодежи

16 августа - День спорта в Казахстане (третье воскресенье августа)

25 августа - 90 лет со дня рождения поэтессы Марфуги Айтхожиной (1936)

28 августа - 95 лет со дня рождения ученого, этнографа, общественного и государственного деятеля Узбекали Жанибекова (1931-1998)

29 августа - 35 лет со дня закрытия Семипалатинского испытательного ядерного полигона

31 августа - 95 лет со дня рождения народной артистки РК, актрисы Замзагуль Шариповой (1931-2018)

ӘДЕБИЕТ – ЛИТЕРАТУРА

Қабдеш Жұмаділов «Өмір, сен тамашасың»

Оның басына тағы мынадай ой келді. Шынында, осы семья мәселесімен айналысатын – кім бізде? Ерлі-зайыптылар арасын жөнге салып отыратын біреу бар ма? Сот па? Сот ажырастыру, алимент төлету жағын басқарады. Қосатын, дәнекерлейтін кім бар?

«Сен, өзің ше, өзің не бітіресің? Қолыңа қалам ұстап, жұртқа жөн айтып жүрген азамат емессің бе?» – деп үн қатты бір сыншыл ой.

«Менің қолымда не тұр? – деді ол ақталғандай. – Ақыл айтудан, түсіндіруден кенде болып жүрген жоқ қой. Екі оттың арасында мен жанталасқалы қашан? Лұхман Хакімнің өз емі өзіне ем болмаған деседі. Сол – рас. Менің сөзім құмға құйған сумен тең...»

Күн батуға айналған. Кешке қарай паркке екі-екіден қолтықтасқан жұрт сапырылысып келе бастады. Көбі жастар. Қарттар некен-саяқ. Кенет оның көзі бірін-бірі қолтықтап, мамырлай басып келе жатқан кемпір мен шалға түсті.

Екеуі әлденеге күлісіп, әңгімелесіп келеді. Киімдері де бір келкі. Жарасып тұр. Сырымның қасынан өтіп, қарсыдағы орындыққа барып отырды. «Қосағымен қоса ағарған» дегеніміз осы екен-ау, – деді ол қарттарға біртүрлі қызыға қарап. – Бұлар отасқалы кемінде қырық жыл болған шығар. Содан бері бір-біріне қалай төзіп келе жатыр екен? Әлде бұлар өзара шын түсініскен, сыйласып өткен жандар ма? Иә, солай болуы да мүмкін-ау. Ақылды адамдар аз ба дүниеде. Қалай дегенмен, бір оттың басында қырық жыл өмір сүру – үлкен ерлік қой...»

Осыларға барып әңгімелесіп көрсем қайтеді, деп бір оқталды Сырым... «Қой, жындымын ба, танымайтын біреулердің мазасын алып» деген оймен өзін ұстап қалды.

РБНСГ - ВЕСТИ

Издание Республиканской библиотеки для незрячих и слабовидящих граждан

Мұның алдынан алқына сыбырласып қыз бен жігіт өтті. Иық сүйесіп, құшақтасып барады. Отыратын орын таңдап біраз жүрді де, шамнан алыс, қара көлеңкелеу орындыққа барып жайғасты. «Екеуі қазір тойдың қамын ақылдасады» деді бұл өзінше жорамалдап.

Осыдан үш жыл бұрын, Клара екеуінің некелесу бюросына барғаны есіне түсті. Бюроның табалдырығынан мешітке кірген сопыдай біртүрлі имене аттағаны әлі есінде. Жүрегі кеудесіне сыймай, тулап қоя берген. Университетте емтихан тапсырып жүргенде де, дәл мұндай қысылмаған-ды.

Бұлар кіргенде ауызғы бөлмеде бір егделеу еркек пен мосқал әйел отырды. Сырым таңданып қалған. «Елуге келгенде мыналар не іздеп жүр мында?» деп ойлаған-ды. Артынан, қабылдау бөлмесіне кіргенде білді, әлгілер соттың шешімі бойынша, ажырасуға келген адамдар екен. Екеуі де салқын қанды. Ештеңе болмағандай, бірлесіп жұмыстарын бітірді де, өз жөндеріне кетті.

Сырымның өрекіпген көңілі басылып, біртүрлі тіксініп қалды. Бұрын ол мұнда тек жас жұбайлар ғана келеді деп ойлайтын. Бұл жерде де қуаныш пен қасіреттің қатар жүріп жататынын сонда барып ұқты ол.

Сол мосқал еркек пен әйелді Сырым көпке дейін ұмыта алмай жүрді. Екеуінің жүдеу бет әлпеті, жүздерін кіреукелеген көгілдір көлеңке көзіне елестей берген. «Дәл сол күні қабаттасып, бекер бардық-ау» деп іштей ырым қылып, өкінгені бар.

Сырым жаңа байқады, күн әлдеқашан батып, ымырт үйіріліп кетіпті. Парктің іші алакеуім тартып, қараңғы түсе бастаған. Денесін әзер қозғап, орнынан тұрды.

«Сандалып көшеде қалды деген осы, — деді салқын жымыып. — Қайда барсам екен? Әлде осы орындықтардың біріне қисая кетсем бе?.. Жоқ, ол болмас, далада түнейтіндей не көрініпті? Орын табылса, қонақ үйлердің біріне түнеп шығайын».

Ол мана жолдас жігіттердің біреуінің үйіне барып қонсам ба деп бір оқталған. Бірақ бұл ойынан тез қайтты. Мына мүсәпір қалпында ешкімнің көзіне көрінгісі келмеді. Барғанда не демек оларға. Өзінің бишаралығын айтып шығынбақ па?

Тамыз айының мақпалдай әсем түні. Сырым қаз-қатар үйеңкі

мен қайың өскен көшені бойлап, сылбыр аяңдап келеді. Асықпайды. Тұла бойын бұрын ешқашан болып көрмеген бір енжарлық билеп алған.

Бір заматта қонақ үйдің алдына келгенін байқады. Залға кіріп, кезекші отыратын бөлмеге жақындады. Ұзын бурыл мұрты құлағына жететін, көзілдірікті шалға бас изеп амандасты да, орын сұрады.

– Қай жақтан келдіңіз? Паспортыңызды әкеліңіз, – деді қарт мұның бас-аяғына көз жіберіп.

Сырым қалтасын қанша ақтарса да, паспортын таппады, не істерін білмей, қысылып қалды өзі.

– Кешіріңіз, паспортым үйде қалыпты, – деді сасқалақтап.

Қарт мұның тұла бойына тағы да тінте қарап шықты. «Түсінікті» дегендей басын изеді.

– Үйге қайт, ұлым! Бұл жер өз үйіңнен артық емес, – деді.

(Жалғасы келесі нөмірде).

ЖАҢАЛЫҚТАР – НОВОСТИ

Рухы биік, өнері терең

Көз жанарының шектеулі болуы – өнер мен спорттың биік белестерін бағындыруға кедергі емес. Мұны кітапханамызда өткен рухани кездесу тағы бір мәрте дәлелдеді. Ұлттық домбыра күніне орай ұйымдастырылған кештің басты кейіпкері – қазақтың қасиетті күй өнерін өмірінің өзегіне айналдырған, «Атамұра» ансамблінің көркемдік жетекшісі Қожахметов Мирас Мұратұлы болды.

Іс-шараға Алатау дәстүрлі өнер театрының мүгедектерге мәдени қызмет көрсету бөлімінің «Атамұра» ансамблі қатысып, ұлттық өнердің асыл мұрасын көпшілікке паш етті. Қос ішектің қоңыр үнімен қазақ руханиятын дәріптеп жүрген өнерпаздардың орындауындағы күйлер оқырманды ұлттық музыка әлеміне жетелеп, ерекше әсерге бөледі.

Кеш шымылдығы күмбірлеген күймен түрілді. Мирас Қожахметов жетекшілік ететін ансамбль Нұрғиса Тілендиевтің

«Көш керуен», Бақтыбайдың «Әуен», Аман Малдыбаевтың «Көне Тараз», Сүгірдің «Ыңғайтөк» күйлерін орындап, жоғары орындаушылық шеберліктерін паш етті. Бірінен кейін бірі орындалған күйлер көрерменді ұлттық өнердің тұңғыық әлеміне жетелеп, күй өнерінің өміршендігі мен рухани қуатын айқын сезіндірді.

Кеш барысында белгілі композитор Сейдолла Бәйтерековтің сазсырнайға арналған «Кішкентай» атты шығармасын Айжан Жолдыбекова орындап, ансамбль нәзік үйлесіммен сүйемелдеді. Ал «Армандастар» вокалды-аспаптар ансамблінің жетекшісі Батима Полищук «Ана туралы жыр», «Әнім сен едің», «Таң сыры» әндерін шынайы сезіммен орындап, көрермен көңілінен шықты. Әбдіқадір Умерсейтов пен Владимир Умеровтың қос дауыста шырқалған «Еділ мен Жайық» әні де концерттің көркемдік тынысын кеңейтіп, кештің мазмұнын байыта түсті.

Концерттің ең әсерлі сәттерінің бірі – квинтет орындаған халықтың «Жастар биі» мен «Келіншек» күйлері болды. Орындаушылардың шеберлігі мен шығармалардың табиғи болмысы үйлесім тауып, көрерменнің ыстық ықыласына ие болды. Бұл туындылар ұлттық күй өнерінің бай мұрасын тағы бір мәрте айшықтап, төл өнерге деген құрмет пен қызығушылықты арттыра түсті.

Мирас Мұратұлы Қожахметов 1987 жылдың 12 қарашасында Алматы қаласында дүниеге келген. Бала кезінен домбыраға ерекше қызығушылық танытқан ол алғашында аспапты тек қолына ұстап, қызыға тамашалайтын. Кейін тоғыз жасында Алматы қаласындағы зағип және нашар көретін балаларға арналған №4 мектеп-интернатына қабылданып, сол жердегі домбыра үйірмесіне қатыса бастайды. Ұстазы Ахметов Қажымұқан Сүттібайұлының тәлім-тәрбиесінің арқасында домбыра тартудың қыр-сырын меңгеріп, алғашқы қиындықтарды жеңе білді.

Мектеп қабырғасында жүріп домбыра және терме үйірмелеріне белсене қатысқан Мирас көптеген байқаулардың жеңімпазы атанды. Балалық арманын ақиқатқа айналдырған өнерпаз 2006 жылы мүмкіндігі шектеулі жастар арасында өткен

«Через творчество – к интеграции!» республикалық шығармашылық байқауында I орын алып, Құрмет грамотасымен марапатталды.

Сол жылы Алматы қаласының әкімі Иманғали Тасмағамбетовтің гранты негізінде Алматы технологиялық университетінің «Экономика және бизнес» факультетіне түсіп, «Тұрмыстық қызмет көрсету және сервис» мамандығын 2010 жылы тәмамдады. Білімге деген құштарлығы оны жаңа белестерге жетелеп, 2013 жылы Мұхамеджан Тынышпаев атындағы Қазақ көлік және коммуникациялар академиясының

«Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету» мамандығын сырттай аяқтады. 2013-2016 жыл аралығында Зағип және нашар көретін азаматтарға арналған республикалық кітапханада халықаралық DAISY стандарты бойынша редакторлық қызметін атқарды. Ал, 2021 жылы Шымкент қаласындағы академик Абдымуса Қуатбеков атындағы Халықтар достығы университетінде «Музыка» мамандығы бойынша жоғары білім алды.

Еңбек жолында да өнерге адалдығын дәлелдеген Мирас 2012-2013 жылдары «Өнер бұлағы» қоғамдық қорында домбырашы болып қызмет атқарды. Кейін Н.Островский атындағы Қазақ соқырлар қоғамының мәдениет үйіндегі халық аспаптар оркестріне жетекшілік етіп, «Қазақ соқырлар қоғамы» қоғамдық бірлестігінің Алматы қалалық филиалы мен мәдениет ұйымының ұйымдастырған «Күй құдіреті» атты жеке домбырашылар байқауының жүлдегері атанды. 2018 жылы Қызылордадағы Қазақ соқырлар қоғамы кәсіпорнының директоры қызметін атқарды.

Мирас Қожахметовтің жетістігі тек өнермен ғана шектелмейді. Ол спортты да өмірінің ажырамас бөлігіне айналдырып, жүзу мен жеңіл атлетикада елеулі табыстарға қол жеткізді. 2011-2013 жылдары Алматы облысында мүмкіндігі шектеулі спортшылар арасында өткен II, III және IV спартакиадаларда I орын иеленсе, 2014 жылы Қазақстан Республикасы мүгедек спортшылар чемпионатында жеңіл атлетикадан қола жүлдеге ие болды. Ал 2017 жылғы Алматы

қалалық спартакиадада ІІІ орынға қол жеткізді.

Қазіргі таңда Мирас Мұратұлы «Kumis Khasyr» белсенді ұзақ ғұмыр кешу қоғамдық бірлестігінде егде жастағы жандардың домбыра аспабын меңгеруіне атсалысып келеді. Сонымен қатар Қазақ соқырлар қоғамында домбыра пәнінен ұстаздық қызмет атқарып, шәкірт тәрбиелеуде. Ұлттық күй өнерін дәріптеп, домбыраның қоңыр үнін кейінгі ұрпаққа жеткізу жолында аянбай еңбек етіп келеді.

Өнер мен спортты қатар алып жүрген, қайсарлығы мен табандылығының арқасында талай белесті бағындырып, толайым табыстарға жеткен Мираспен біз әрдайым мақтанамыз.

Назым Момбекова,

«ЗНКААРК» РММ

«Өнер және спорт әдебиеттері бөлімінің» қызметкері

Ерекше шахмат турнирі

ШҚО мәдениет басқармасының «Шығыс Қазақстан облыстық зағиптар мен көзі нашар көретін азаматтардың арнаулы кітапханасы» КММ «Мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған шахмат» атты қалалық шахмат турнирін ұйымдастырды. Жарысқа түрлі санаттағы мүгедектігі бар 14 адам қатысып, өзара бақ сынасты. Жанкүйерлер мен жақын жандар да қарап қалмай қолдау жасай білді.

Өскемен қаласында өткен бұл турнир жылы әрі достық атмосферада өтіп, қатысушыларды зияткерлік ойынға деген ортақ қызығушылық біріктірді. Шахмат додасы тек жеңімпаздарды анықтап қана қоймай, қатысушылардың өзара қарым-қатынасын нығайтып, олардың бос уақыттарын тиімді өткізуіне мүмкіндік беріп отыр.

Жарыс қорытындысы бойынша жеңімпаздар мен белсенді қатысушылар шахмат жанашыры Ілияс Айтжігітовтің жеке қаражаты есебінен берілген ақшалай сыйлықтармен марапатталды.

Жүлдегерлер қатарында кітапханамыздың қызметкерлері мен оқырмандардың болуы шараның маңызын арттыра түсті.

Әйелдер арасында көру қабілеті бұзылғандар санатында

РБНСТ - ВЕСТИ

Издание Республиканской библиотеки для незрячих и слабовидящих граждан

тифлопедагог-кітапханашы Гүлбану Күзекпаева, есту қабілеті бұзылғандар санатында Зоя Мамырбекова, ал тірек-қимыл аппараты бұзылғандар санатында Назлы Әмір-Құмарова бірінші орынды иеленді.

Ерлер арасында көру қабілеті бұзылғандар санатында Роман Бояринов, есту қабілеті бұзылғандар санатында Нұрлыбек Қадырғожин, ал тірек-қимыл аппараты бұзылғандар санатында Александр Вютерих жеңімпаз атанды.

Әр адамның өзіндік өмір жолы, қайталанбас тағдыры бар. Жарысқа қатысқан жандарды «мүмкіндіктері шектеусіз» жандар деп айтуға болады, себебі табандылықтары, қайсарлықтары бір төбе болса, ерік-жігерлері басқа адамдарға үміт пен сенім сыйлауда.

Аталған іс-шара спорт пен зияткерлік даму арқылы мүмкіндігі шектеулі жандарды қолдаудың, тең мүмкіндіктерді қамтамасыз етудің, рухани бірлік пен әлеуметтік интеграцияны нығайтудың жарқын үлгісі болды. Мұндай бастамалар қоғамдағы өзара сыйластық пен бірлікті арттырып, ерекше жандардың белсенді өмір сүруіне серпін берері сөзсіз.

Жанаргүл Мажитова,
ШҚО мәдениет басқармасының
«Шығыс Қазақстан облыстық зағиптар
мен көзі нашар көретін азаматтардың
арнаулы кітапханасы» КММ
кітапханашысы

Мир на кончиках пальцев: Как проект «Кедергісіз болашақ» открывает новые горизонты

В самом сердце Талдыкоргана, в стенах Центральной библиотеки имени Сакена Сейфуллина, происходит тихая цифровая революция. Здесь не просто выдают книги – здесь возвращают людям самостоятельность и веру в то, что любые границы преодолимы.

Технологии на службе равных возможностей

В Центральной библиотеке имени Сакена Сейфуллина области Жетісу в отделе для незрячих и слабовидящих граждан с 2023 года запущен проект «Кедергісіз болашақ» (Будущее без

барьеров). Его миссия проста и одновременно глубока: стереть границы между миром зрячих и незрячих, предоставив последним инструменты для полноценной жизни.

На базе проекта жители региона с особыми потребностями по зрению могут бесплатно освоить компьютерную грамотность с использованием специализированного ПО и чтение по системе Брайля. Однако обучение не ограничивается стенами кабинета. В рамках проекта проводятся уникальные тренинги по **мобильной мобильности**: участников учат пользоваться GPS-навигаторами, банковскими приложениями и онлайн-сервисами (такими как eGov или Damumed), что превращает человека из ведомого в ведущего свою собственную жизнь.

От «горячих клавиш» до цифровой свободы

В эпоху цифровизации доступ к информации – это базовая необходимость. Но как пользоваться интернетом, если ты не видишь экрана? Вместо привычной мышки ученики проекта осваивают систему «горячих клавиш», а вместо монитора – программы экранного доступа (скринридеры), такие как **NVDA** и **JAWS**. Эти интеллектуальные помощники озвучивают каждое действие, превращая набор символов в живую речь.

Параллельно с IT-технологиями в библиотеке бережно хранят традиции – обучают классическому **шрифту Брайля**. Особое внимание уделяется казахскому алфавиту Брайля, что критически важно для сохранения культурной идентичности и грамотности пользователей.

История успеха: Мост в большой мир

Ярким подтверждением эффективности проекта стала история **Анастасии Григорьевой**. Анастасия живет в мире звуков и тактильных ощущений с самого рождения. Несмотря на то, что зрение было утрачено в раннем детстве, её жажда знаний никогда не угасала.

За короткий период обучения в проекте Анастасия достигла впечатляющих результатов:

- Она в совершенстве освоила рельефно-точечный шрифт Брайля;
- Прошла полный курс компьютерной грамотности на базе

программы NVDA.

Сегодня Анастасия – независимый пользователь цифрового пространства. Она свободно использует ноутбук, общается в социальных сетях и самостоятельно набирает тексты. Технологии стали для неё тем самым мостом, который соединил её внутренний мир с огромным пространством интернета.

Коворкинг равных возможностей: Техника будущего

Библиотека сегодня – это современный инклюзивный хаб. Для посетителей здесь создана уникальная среда, оснащенная по последнему слову техники:

- **Тифлофлешплееры:** специализированные устройства для чтения «говорящих» книг;

- **Читающие машины (SARA CE):** системы, которые мгновенно сканируют любой печатный текст и озвучивают его;

- **ClearReader:** портативные устройства, превращающие бумажную страницу в аудиофайл за считанные секунды;

- **Электронные видеоувеличители:** незаменимые помощники для слабовидящих при чтении плоскопечатных книг;

- **Тактильная графика:** рельефные изображения, позволяющие «увидеть» руками схемы, рисунки и карты города.

Путь к единству

Культурное развитие участников – еще один важный столп проекта. В библиотеке регулярно проходят инклюзивные творческие вечера, обсуждения классики казахской литературы и интеллектуальные конкурсы. Это сообщество, где люди находят не просто навыки, а друзей и поддержку.

Проект «Кедергісіз болашақ» доказывает: инвалидность – это не приговор, а лишь обстоятельство, которое можно преодолеть с помощью технологий и человеческого участия. Обучение проводится полностью **бесплатно**, а занятия строятся на индивидуальном подходе к каждому.

Приходите за новыми знаниями – двери в будущее открыты для каждого!

Наш адрес: г. Талдыкорган, пр. Назарбаева, 135.

Отдел для незрячих и слабовидящих граждан Центральной библиотеки имени Сакена Сейфуллина. Библиотекарь: Айдарбеков Берик Айдарбекович

ТИФЛОПЕДАГОГ КЕҢЕСІ – СОВЕТЫ ТИФЛОПЕДАГОГА

Ақшам соқыр және ксерофтальмия

Ақшам соқыр және ксерофтальмия — бұл көбінесе 1 жастан 5 жасқа дейінгі балаларда кездесетін көз ауруы. Ол құрамында А витамині аз тағамдарды аз қабылдаудан пайда болады. Бұл ауруды ерте анықтап, емдеу сәбиді зағип болып қалудан сақтайды.

Белгілері

- Алғашында сәбиде ақшам соқыр пайда болады. Ол басқа адамдар сияқты қараңғыда жақсы көре алмайды.

- Сонан соң оның көзі құрғай бастайды (ксерофтальмия). Көзінің ағы жылтырлығын жоғалтып, кебірсиді.

- Көздерде ұсақ сұрғылт күлдіреуіктер (Витот таңбасы) пайда бола бастауы мүмкін.

- Ауру асқынған сайын мүйізгекті қабық құрғай және қарауыта түседі, онда ұсақ ұяшықтар пайда болуы мүмкін.

- Сонан соң мүйізгекті қабық жұмсарады, ісініп көтеріледі, тіпті жарылады да. Әдетте ол ешқандай ауыртпайды. Инфекцияның түсуінен, жарақаттан немесе басқа да зақымданудан ғана адам зағип болып қалады.

- Ксерофтальмия көбінесе, сәби басқа бір аурулармен, мысалы, іш өтумен, көкжөтелмен, туберкулезбен немесе қызылшамен ауырған кезде басталады немесе асқынады. Науқас және салмағы төмен барлық балалардың көзін тексертіңіздер. Сәбидің көзін ашып, А витаминінің жетіспеу белгілерінің бар-жоғын тексеріңіз.

Емдеу жолдары

Құрамында А витамині көп тағамдар ішу арқылы ксерофтальмияның оңай алдын алуға болады. Мыналарды істеңіз:

1. Егер мүмкіндік болса, сәбиді 2 жасқа дейін емізіңіз.
2. Бала 6 айға толған кезде оны А витаминіне бай тағамдармен тамақтандыра бастаңыз. Ол өнімдерге: қою-жасыл

жапырақты көкөністер, сары немесе ақшыл сары жеміс-жидектермен және папая, манго, асқабақ сияқты көкөністер жатады. Майлы сүт, жұмыртқа және бауыр да А витаминіне бай.

3. Егер сәби аталған тамақ түрлерін пайдаланатын сияқты боп көрінбесе, немесе балада ақшам соқырдың немесе ксерофтальмия белгілері айқын көріне бастаса, оған А витаминін (200 000 ед) 60 мг капсулдағы не сұйық түріндегі ретинол (әр 6 ай сайын бір рет) беріңіз. Бір жасқа толмаған сәбилерге осы мөлшердің жартысын беріңіз.

4. Егер сәбидің жағдайы тым ауыр болса, оған алғашқы күні 200 000 ед А витаминін беріңіз. Баланың көруінде жақсару белгілері байқалмаса, бір аптадан кейін тағы бір капсул беріңіз. Бір жасқа дейінгі балаға осы мөлшердің жартысы беріледі.

5. Ксерофтальмия кең тараған жерлерде барлық бала емізетін аналарға әр 6 ай сайын және жүкті әйелдерге жүктілігінің екінші жартысында 200 000 ед А витаминін бір рет беру керек.

Ескерту: А витаминінің көбейіп кетуі организмді уландырады. Сондықтан ұсынылған мөлшерден артық пайдалануға болмайды.

Егер сәбидің көз ауруы асқынып бара жатса (мүйізгекті қабықты ұяшықтар басып кетсе, мүйізгекті қабық көтеріліп, қарауытса) оны білікті дәрігерге көрсетіңіз. Баланың көзін таңып, бірден А витаминін, ең дұрысы 100 000 ед инъекция шанышыңыз. Қою-жасыл жапырақты көкөністер, сары немесе ашық сары түсті жеміс-жидектер балалардың зағип болмауына көп септігін тигізеді.

ОҚЫРМАНДАР ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНАН – ТВОРЧЕСТВО НАШИХ ЧИТАТЕЛЕЙ

Косович Валентина Харитоновна родилась в живописном степном краю Щербактинского района Павлодарской области. Она была седьмым ребенком в большой многодетной семье, где с детства воспитывались трудолюбие, взаимопомощь и уважение к людям.

После окончания средней школы в селе Алексеевка поступи-

ла в педагогическое училище. Получив профессию учителя, начала трудовую деятельность в качестве учителя начальных классов. Позже переехала в Павлодар, где продолжила педагогическую деятельность в средней школе № 21.

Валентина Харитоновна является инвалидом I группы по зрению. С годами зрение значительно ухудшилось, однако жизнелюбие, активная жизненная позиция и любовь к творчеству помогли ей сохранить оптимизм и активное участие в общественной жизни. Она вступила в городское общество слепых и уже более тридцати лет является участницей народного хора. На протяжении многих лет Валентина Харитоновна остается преданной читательницей КГУ «Областная специальная библиотека для незрячих и слабовидящих граждан» управления культуры, развития языков и архивного дела Павлодарской области.

Валентина Харитоновна — заботливая мама, любящая бабушка и человек с богатым внутренним миром, открытый для творчества и общения.

В 2018 году она стала дипломантом республиканского конкурса чтецов, посвященного 125-летию выдающегося казахского поэта Магжана Жумабаева и 20-летию столицы Республики Казахстан.

Жизненный путь Валентины Косович является примером стойкости духа, жизненной мудрости, любви к людям и преданности своему призванию.

На Иртыше

Иду знакомою дорогой
На встречу с Иртышом.
Чтобы услышать плеск волны
И пошептаться с камышом.
Он ласково плеснет волной,
Целуя берег и приветствуя меня.
И унесется, отражая,
Палитругаснувшего дня.
Мне на ухо шепнет камыш:
«Какая тишь, какая тишь!»
И пролетая свысока,

Реке помашут облака «Пока,
пока».
Вот литургию тишины
Нарушил колокольный звон.
Как множество хрустальных
брызг,
Разлился над рекою он.
И внемля этой тишине,
Земли от мирозданья.
Я осенью себя крестом,
Благодаря Творца за созиданье.

Голос домбры

Неся бремя веков, под шепот
ковыли,
Дремала уставшая степь.
Ветра перемен ей песни дарили,
Качая событий цепь.

Вдруг степь ожила, зазвенела,
запела,
Услышав чарующий голос
домбры.
И стайка испуганных птичек
взлетела,
Неся весть о том, как люди
мудры.

И степь всколыхнулась,
Услышав дуэт домбры и
гармошки
Тех пламенных лет.

В пыли веков домбра звенела,
И голос силу набирал.
О горе и радости в юрте так пела,
Что мир на мгновение замирал.

Ее голос поныне звучит
сладострастно,
На перекрестке эпох и миров.
И в поколении новых акынов,
Слышен далекий отзвук веков...

**БИБЛИОГРАФ ХАБАРЛАЙДЫ -
БИБЛИОГРАФ ИНФОРМИРУЕТ**

Обзор новой литературы рельефно-точечным шрифтом за III квартал 2025 года

Уважаемые пользователи!

Фонд Республиканской библиотеки для незрячих и слабовидящих граждан пополнился новыми приложениями к журналу «Литературные чтения» выпуск №2 за 2025 год.

«История и личность». Лидия Латьева. «Моя война. Записки рогатой девочки»: Повесть в 4 книгах.

Война, навсегда вьевшаяся в каждую клеточку памяти, оставившая свой пожизненный след в виде ампутированной правой ноги, погрузив будущую писательницу в самую гущу народного горя, дала возможность познать жизнь и ощутить ту высшую точку отсчета, с которой можно судить обо всем происходящем. Повесть «Моя война» – это глубоко личные записки о таком жестоком и беспощадном деле, как война, о горьком и обездоленном военном

детстве. На страницах мемуаров умудренная годами и жизненным опытом писательница и журналистка Лидия Васильевна Латьева, та самая маленькая бескомпромиссная девочка Лида, трудный неподатливый жесткий ребенок с цепкой памятью, делится с читателями своими воспоминаниями семидесятилетней давности. Как цветные стеклышки в волшебном калейдоскопе, воспоминания эти самые разные: страшные, бытовые, философские. Горькие – о «бессмертной совести народа» – юных мальчиках, не вернувшихся с войны, светлые – о великой Победе, о самоотверженных, все вынесших на своих плечах женщинах.

Размышляя о звериной сущности фашизма и его сегодняшнем возрождении, писательница не ставит знак равенства между фашизмом и немецким народом. О добром солдате вермахта Вилли, который знал «нашего Пушкина», о чуткой медсестре Кларе из армейского госпиталя у маленькой Лиды сохранились самые светлые воспоминания. Двадцать зарисовок, двадцать мини-историй, эпизодов, в конце почти каждого из которых есть небольшое резюме, которое связывает «век нынешний» и «век минувший». Соизмеряя прошлое и настоящее, Лидия Латьева с горечью замечает: «... война razорила не только землю, она разрушила человека. И все то людское, что считалось исконно нашим и спасало людей, кончилось навсегда».

«Легкое чтение». Виржини Гримальди. «Время вновь зажигать звезды»: Роман в 4 книгах.

Виржини Гримальди с присущей ей чуткостью и душевным теплом рассказывает историю трех женщин. Историю о том, что какой бы страшной беда ни была, выход есть всегда. И очень важно не забывать об этом. Анне тридцать семь. Работая с утра до ночи, она пытается свести концы с концами и поднять двух дочерей. На личном счастье она давно поставила крест. Хлое семнадцать. Когда-то прилежная ученица с большой мечтой, она забросила лицей, решив отказаться от планов на будущее и работать, чтобы хоть как-то помочь маме. Лили двенадцать. Она избегает людей. Самой веселой компании она предпочитает общество ручной крысы, которой дала имя отца. Ведь он, подобно этим животным, «первым сбежал с корабля». Запутавшись в клубке жизненных невзгод, Анна принимает отчаянное, но, пожалуй, самое верное решение в жизни - в авто доме они с девочками совершат путешествие в Скандинавию, чтобы укрепить семейные узы и увидеть северное сияние.

РБНСГ - ВЕСТИ

Издание Республиканской библиотеки для незрячих и слабовидящих граждан

«Острый сюжет». Яков Наумов, Александр Яковлев. «Схватка с оборотнем»: Повесть в 4 книгах.

И вновь перед сотрудниками КГБ - героями хорошо известных читателю книг «Двуликий Янус» и «Тонкая нить» - стоит нелегкая задача. Им предстоит пройти по следам хитрого и опасного врага, который проник в нашу страну, найти крупного вражеского разведчика и разоблачить его агентуру.

«Острый сюжет». Энн Кливз. «Рассказывая сказки»: Роман в 4 книгах.

Десять лет прошло с тех пор, как Джини Лонг обвинили в убийстве пятнадцатилетней Эбигейл Мэнтел. А теперь обитатели Йоркширской деревни Элвет с ужасом узнают, что появились новые улики, свидетельствующие о невиновности Джини. Значит, убийца Эбигейл все еще на свободе. Для Эммы Беннетт это открытие означает возвращение воспоминаний о жизнерадостной подруге – и о жутком зимнем дне, когда она обнаружила ее тело, лежащее в холодной канаве. Инспектор Вера Стэнхоуп начинает новое расследование в прибрежной деревне, и ее жители вынуждены вернуться в то время, о котором они надеялись забыть. Напряжение нарастает. Но чего они боятся больше – убийцу или собственного постыдного прошлого? Постепенно Вера узнает историю каждого из них, и все больше убеждается, что вскоре ей предстоит раскрыть несколько страшных тайн.

«Фантазии и предвидения». Север Гансовский «Побег»: Повесть в 4 книгах.

В далеком коммунистическом будущем человек под действием нервного напряжения оскорбляет другого человека. Неслыханное преступление. Более того, неизвестно, как наказать этого человека. Решают отправить его в прошлое. Сначала он оказывается в девонском периоде, потом в меловом (в названиях периодов я, правда, могу ошибаться), затем в России в эпоху правления Екатерины II. Пройдя испытания временем, человек не только физически самосовершенствуется, но и укрепляет дух и мораль. В свое время он возвращается не преступником, а героем.

Подготовил Мырзабеков Алмас

КЫЗЫҚ ЕКЕН - ЭТО ИНТЕРЕСНО

Удивительные способности мозга слепых людей: новые исследования

Часто говорят, что потеря одного чувства улучшает другие. Новое исследование показывает степень того, насколько это справедливо для слепых людей и то, как их мозг создает новые каналы связи для улучшения слуха, обоняния, осязания и даже когнитивных функций, таких как память и язык.

Новое исследование, опубликованное сегодня в PLOS One, впервые показало структурные, функциональные и анатомические различия в мозге слепых людей, который отличается от мозга нормально зрячих. Эти изменения, связанные со слухом, обонянием, осязанием и когнитивными способностями, более широко распространены в мозге, чем считалось ранее, подчеркивая драматическую степень, в которой наш «пластичный» мозг могут компенсировать отсутствие сенсорной информации. Используя сканеры МРТ, исследователи из Научно-исследовательского института глазных болезней в Массачусетсе исследовали мозг 12 человек с диагнозом ранней глубокой слепоты. Все испытуемые были либо слепыми при рождении, либо ослепли до достижения ими трехлетнего возраста. Эта группа была сопоставлена с 16 полноценно зрячими людьми. В отличие от предыдущих исследований, в которых рассматривались только изменения в затылочной доли (части мозга, в которой происходит обработка зрения), новое исследование изучало всю карту мозга.

«Хотя нам удалось воспроизвести и подтвердить многие из уже известных результатов, наш подход, основанный на известных результатах, наш подход, основанный на известных данных, позволил расширить область исследования и наблюдать изменения в других областях головного мозга, о которых ранее не сообщалось», — объясняет ведущий автор нового исследования Коринна Бауэр.

Наблюдаемые структурные и функциональные изменения показывают, что мозг слепых людей имеет уникальную конфигурацию, передавая информацию туда и обратно иначе, чем у нормально зрячих людей. Некоторые из этих изменений усиливали связи между определенными частями мозга, в то время как в других регионах наблюдалось уменьшение связанности.

«Как и в предыдущих исследованиях, наблюдалось снижение связности, в затылочной области, где происходит обработка визуальных сигналов», поясняет Бауэр. «С другой стороны, рост нейронной активности замечен в областях, связанных с двигательной, слуховой или языковой обработкой, что является следствием компенсации возросших требований, предъявляемых к этим системам у лиц, потерявших зрение». Эти увеличения, говорит Бауэр, повышают возможности «кросс-модальной обработки» головного мозга, позволяя затылочной коре обрабатывать информацию из других органов чувств, таких как осязание, обоняние или слух, вместо визуальной сенсорной обработки. У слепых людей затылочная кора не обрабатывает визуальную информацию, но она все еще работает, и это может объяснить, почему чувства слепых людей обострены. К примеру, исследования показывают, что слепые люди лучше локализуют звуки и дифференцируют звуковые частоты. Даниэль Киш, который был слепым с детства, может даже использовать человеческую версию эхолокации, чтобы «видеть» мир. Бауэр говорит, что «новые» связи как таковые образоваться не могут, и вместо этого происходит усиление тех или иных нейронных путей, по сравнению с полностью здоровыми людьми. Это исследование демонстрирует, насколько на самом деле устойчив и податлив наш мозг, и как он способен изменять себя и естественно адаптироваться к условиям среды и организма. Когда теряется зрение, нейроны в затылочной коре не пропадают впустую; вместо этого данный регион переходит к обработке остающихся чувств. Этот вывод в соответствии с предыдущей работой показывает, что слепые испытуемые могут анализировать звуки, используя как слуховую кору, так и затылочную долю, тогда как обычно зрячие люди используют только слуховую кору.

«Это исследование представляет собой важную попытку использовать множественные методы визуализации МРТ во всем мозге, чтобы понять структурные и функциональные изменения, которые сопровождают измененные сенсорные переживания во время развития», — говорит нейрофизиолог Кристина Карнс из Университета Орегона, которая не принимала участия в исследовании. «Прижизненная сенсорная активность, которая отличается от типичной, изменяет ряд корковых систем. Это исследование ставит вопрос о том, какие изменения восприятия или когнитивных способностей могут сопровождать структурные изменения мозга».

Источник с интернета

РБНСГ - ВЕСТИ



Рухы биік, өнері терең

Ерекше шахмат турнирі

Косович Валентина
Харитоновна

Уважаемые читатели, вы можете стать авторами нашей газеты.
Присылайте к нам свои статьи, очерки, стихи и прочие интересные материалы
по адресу: 050000, г. Алматы, ул. Муратбаева, 171

или по электронной почте: rbnsg@inbox.ru

Газета доступна на сайте: www.blindlib.kz

Газета поставлена на учет в Министерстве культуры и
информации Республики Казахстан.

Свидетельство о постановке на учет № 8212-Г от 26 марта 2007 года.

Подписной индекс 64186

Газета отпечатана в типографии АО «Кокше-Полиграфия»,
Акмолинская область, г. Кокшетау, ул. Ауельбекова, 98
тираж 100 экз. Заказ № 173

Главный редактор – Кенжебекова Ж.К.

Редактор по Брайлю – Сыздыков Б.Т.

Корректор казахского языка – Даржанова Г.Т.

Корректор русского языка – Дорбабаева Л.А.

Верстка – Дорбабаева Л.А.

Адрес редакции: ул. Муратбаева, 171

тел.: 8 (727) 293-70-80

Опубликованные материалы не всегда отражают точку зрения редакции.
Материалы публикуются в авторской редакции.